

СОГЛАШЕНИЕ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

г. Астана

«15» марта 2018 г.

АО «Химфарм», юридическое лицо, учрежденное и осуществляющее деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, с зарегистрированным адресом (местом нахождения): Республика Казахстан, г.Шымкент, ул. Рашидова 81 БИН 931240000335, именуемое в дальнейшем **«Клиент»**, в лице Генерального директора Ижи Урбанеца, действующего на основании Устава, с одной стороны, и **Акционерное общество «Казахстанский институт развития индустрии»**, именуемое в дальнейшем **«КИРИ»**, в лице Председателя Правления Бекенова Берика Темиргалиевича, действующего на основании Устава, с другой стороны,

в дальнейшем совместно именуемые **«Стороны»**, а каждый по отдельности **«Сторона»**,

заключили настоящее Соглашение о сотрудничестве (далее – Соглашение) о нижеследующем:

ПРЕАМБУЛА

В рамках реализации Государственной программы «Цифровой Казахстан», утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827, Министерством по инвестициям и развитию Республики Казахстан и КИРИ реализуется проект по созданию «модельных цифровых фабрик» в обрабатывающей и горнодобывающей промышленности, где будут внедрены технологии Индустрии 4.0, которые будут служить демонстрацией эффективности внедрения цифровых технологий в производстве.


С целью повышения безопасности персонала, работающего на опасных участках, увеличения производительности труда, повышения уровня технологического развития и конкурентоспособности компаний будет проведена оценка текущего состояния и выработаны рекомендации по:

- развитию собственных технологий и компетенций;
- внедрению решений с использованием цифровых технологий;
- снятию административных барьеров;
- изменению нормативных актов;
- обеспечению координации между участниками индустриально-инновационной экосистемы;
- эффективному использованию мер государственной поддержки таких как, субсидирование, льготное кредитование, получение инвестиционных преференций и грантового финансирования на приоритетные проекты в области цифровизации;
- популяризации цифровых технологий и выработки соответствующих стимулирующих мер по их дальнейшему внедрению в производственные процессы.

Принимая во внимание ведущую роль Клиента в фармацевтическом производстве, а также одобрение Комитета индустриального развития и промышленной безопасности Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, Клиент был избран участником проекта по созданию «модельных цифровых фабрик».

1. ПРЕДМЕТ СОГЛАШЕНИЯ

1.1. В соответствии с настоящим Соглашением, КИРИ обеспечивает проведение технологического аудита (анализ и оценка технологического состояния предприятия для



определения возможности и целесообразности внедрения элементов Индустрии 4.0) предприятия Клиента и разработку Плана цифровизации Клиента (далее – Мероприятия), а Клиент обязуется осуществить реализацию согласованного с КИРИ Плана цифровизации в порядке и сроки, предусмотренные Планом цифровизации Клиента.

Для осуществления технологического аудита и разработки Плана цифровизации Клиента, КИРИ привлекает компетентного зарубежного партнера Общество имени Фраунгофера (Германия) (далее - Партнер).

Настоящим Клиент не имеет и не будет иметь возражений по привлечению Общества имени Фраунгофера для проведения технологического аудита и разработки Плана цифровизации Клиента.

1.3. План цифровизации Клиента будет состоять из 2 разделов:

№ 1 Проекты Плана цифровизации – потенциальный список проектов, обозначенный КИРИ и Партнером для внедрения элементов Индустрии 4.0 на предприятии Клиента. Информация, содержащаяся в разделе № 1 будет признаваться конфиденциальной по согласованию Сторон.

№ 2 Приоритетные проекты Плана цифровизации – первоочередный проект либо список проектов, отобранные КИРИ и Партнером и согласованные Клиентом, при реализации которых Клиент обязуется внедрить элементы Индустрии 4.0 на своем предприятии в сроки, предусмотренные Планом цифровизации.

План цифровизации Клиента составляется в двух экземплярах по одному для каждой из Сторон.

План цифровизации Клиента подписывается КИРИ и Партнером и утверждается Клиентом не позднее 10 календарных дней с даты его получения от КИРИ.

После утверждения Клиентом Плана цифровизации Клиента в двух экземплярах, один экземпляр передается КИРИ.

1.4. План цифровизации, принятый к реализации, не должен противоречить:

- существующим цифровым решениям, внедренным Клиентом;
 - ERP системам применяемым Клиентом;
 - приоритетным направлениям развития, определенным Клиентом;
 - целесообразности в части финансовых затрат на внедрение цифровых решений.
- Приоритетные направления для Плана цифровизации, определенные Клиентом и согласованные КИРИ содержатся в Приложении №1 к данному соглашению.

2. ОБЯЗАТЕЛЬСТВА СТОРОН

2.1. КИРИ обязуется:

2.1.1. обеспечить полное и надлежащее исполнение взятых на себя обязательств по выполнению Мероприятий, предусмотренных в настоящем Соглашении;

2.1.2. осуществлять мониторинг реализации Плана цифровизации Клиента в сроки, предусмотренные Планом цифровизации.

2.2. Клиент обязуется:

2.2.1. предоставить для технологического аудита необходимую документацию и информацию;

2.2.2. реализовать проект (ы) по внедрению элементов Индустрии 4.0 на своем предприятии, предусмотренные в Разделе № 2 Плана цифровизации Клиента;

2.2.3. определить ответственного сотрудника для работы с представителями КИРИ и Партнером, задействованными в выполнении Мероприятий;

2.2.4. обеспечить во время нахождения представителей КИРИ и Партнера на предприятии Клиента рабочими местами (не более 5) с доступом к интернету;

2.2.5. содействовать КИРИ в организации поездок и встреч с Клиентом в рамках настоящего Соглашения;



2.2.6. в рамках проекта «модельные цифровые фабрики» стать демонстрационной площадкой и обеспечить не менее 6 визитов в год для заинтересованных предприятий, организаций, представителей СМИ с допуском их к проектам, являющимся демонстрацией эффективности внедрения цифровых технологий в производстве. Делегации формируются КИРИ. Даты посещения и Список участников данных делегаций согласовывается Сторонами;

2.2.7. принимать активное участие в круглых столах, рабочих группах, конференциях и иных мероприятиях, связанных с реализацией проекта создания «модельных цифровых фабрик» не более 6 раз в год или по согласованию;

2.2.8. на ежеквартальной основе не позднее 5 числа месяца, следующего за отчетным периодом, представлять в КИРИ отчет о ходе реализации Плана цифровизации;

2.2.9. информировать КИРИ о дате завершения реализации Плана цифровизации.

3. ПРАВА СТОРОН

3.1. КИРИ вправе:

3.1.1. запрашивать у Клиента необходимую для выполнения настоящего Соглашения документацию и информацию;

3.1.2. публиковать в средствах массовой информации, информацию, касающуюся участия Клиента в проекте создания «модельных цифровых фабрик», а также информацию о реализации Плана цифровизации Клиента, за исключением конфиденциальной информации.

3.2. Клиент вправе:

3.2.1. получать квалифицированные консультации, рекомендации и информацию по ним;

3.2.2. определять целесообразность выполнения того или иного мероприятия или проекта;

3.2.3. получить уведомление о сроках нахождения КИРИ и Партнера на предприятии Клиента в срок не менее чем за 15 календарных дней.

4. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

4.1. КИРИ несет ответственность за полноту, своевременность и достоверность выполненных Мероприятий.

4.2. Клиент несет ответственность:

4.2.1. за полноту, своевременность и достоверность предоставленной информации (исходных данных, расчетов, обоснований и т.д.) для проведения технологического аудита предприятия Клиента, разработки Плана цифровизации Клиента, а также для проведения КИРИ мониторинга реализации Плана цифровизации Клиента;

4.2.2. за ненадлежащую реализацию Плана цифровизации Клиента.

5. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ

5.1. Информация, полученная Сторонами может быть конфиденциальной при условии, если передающая Сторона обозначает ее таковой.

5.2. КИРИ не вправе раскрывать конфиденциальную информацию каким-либо третьим лицам, за исключением работников КИРИ, Партнера и Министерства по инвестициям и развития Республики Казахстан, которым необходимо ее знать и которые обязаны сохранить ее конфиденциальной.



5.3. Не относится к конфиденциальной информации наименование Клиента, участвующего в цифровизации, сроки и ход реализации Плана цифровизации Клиента, за исключением конфиденциальной информации, обозначенной Клиентом.

6. ФОРС-МАЖОР

6.1 Стороны освобождаются от ответственности за частичное или полное невыполнение обязательств по настоящему Соглашению, если это неисполнение явилось следствием непредвиденных обстоятельств непреодолимой силы, возникших после заключения настоящего Соглашения, которые Стороны не могли предвидеть и предотвратить разумными мерами. К обстоятельствам непреодолимой силы относятся события, на которые Стороны не могут оказать влияние, за возникновение которых они не могут нести ответственность и которые непосредственно повлияли на выполнение обязательств по Соглашению.

7. РАЗРЕШЕНИЕ СПОРОВ

7.1 КИРИ и Клиент должны прилагать все усилия к тому, чтобы разрешать в процессе прямых переговоров все разногласия или споры, возникающие между ними по Соглашению или в связи с ним.

7.2 Если в результате переговоров КИРИ и Клиент не могут разрешить спор, любая из Сторон передает спор на рассмотрение суда Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан по месту нахождения КИРИ.

8. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

8.1 Настоящее Соглашение вступает в силу со дня подписания Сторон и действует до полного исполнения Сторонами своих обязательств.

8.2 Все изменения и дополнения, вносимые в настоящее Соглашение, действительны при их оформлении в письменном виде и подписании уполномоченными лицами всех Сторон, которые в дальнейшем являются неотъемлемой частью настоящего Соглашения.

8.3 Стороны незамедлительно извещают друг друга в случае изменения реквизитов (юридических адресов, контактной информации).

8.4 Настоящее Соглашение составлено на государственном и русском языках, в двух экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, по одному для каждой Стороны.

8.5 Клиент не имеет права передавать свои обязательства по настоящему Соглашению третьему лицу (лицам).

9. РЕКВИЗИТЫ СТОРОН

КИРИ:

АО «Казахстанский институт развития индустрии»

Адрес: 010000, г.Астана, ул.Достык, д.18, 19 этаж
тел/факс: +7 (7172) 983788 (вн.111)
БИН 100640016414

Председатель Правления

Бекенов Б.Т.

Место печати

Клиент:

АО «Химфарм»

Адрес: 160019, Республика Казахстан, г.Шымкент, Аль-Фарабийский район, ул. Рашидова, № 81
тел/факс: +7 (7252) 56 07 22
БИН 931240000335

Генеральный директор

Ижи Урбанец

Место печати

Приоритетные направления Плана цифровизации АО «Химфарм»

1. Автоматизация планирования и учета регламентных работ по обслуживанию и ремонту. Планирование людских и материальных ресурсов. Непосредственное влияние на процессы планирования производства.
2. Автоматизация и управление процессами обеспечения качества на производстве. Ведение результатов тестов в системе. Прозрачность и доступность результатов тестирования для анализа и аудита.
3. Управление персоналом, рекрутинг, тестирование, табелирование, выписка больничных листов, авансовых и командировочных форм.
4. Визуализация текущего состояния компании в разрезе данных модулей: финансов, сбыта, закупок, основных средств и модуля материальных потоков.
5. Автоматизация мониторинга и контроля за обеспечением населения РК качественной и безопасной медицинской продукцией путем участия в механизме прослеживания ее движения от этапа производства на территории страны или импорта в страну до момента реализации потребителям через аптеки, либо до поступления в организации здравоохранения.

КИРИ:

**АО «Казахстанский институт развития
индустрии»**

Адрес: 010000, г.Астана, ул.Достык, д.18, 19 этаж
тел/факс: +7 (7172) 983788 (вн.111)
БИН 100640016414

Председатель Правления

Бекенов Б.Т.

Место печати



Клиент:


АО «Химфарм»

Адрес: 160019, Республика Казахстан,
г.Шымкент, Аль-Фарабийский район,
ул. Рашидова, № 81
тел/факс: +7 (7252) 56 07 22
БИН 931240000335

Генеральный директор

Ижи Урбанец

Место печати



Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Астана

«15» наурыз 2018 ж.

Бұдан әрі «Клиент» деп аталатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асырушы, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Рашидов к-сі, 81-үй мекенжайы (орналасқан орны) бойынша тіркелген, БСН 931240000335, «Химфарм» АҚ заңды тұлға атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Бас Директоры Ижи Урбанец, бір тараптан, және бұдан әрі «ҚИДИ» деп аталатын «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамының атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Бекенов Берік Темиргалиевич, екінші тараптан,

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп атала отырып, төмендегілер жайлы осы Ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

ПРЕАМБУЛА

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі мен ҚИДИ өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібінде «модельді цифрлық фабрикалар» құру жобасын жүзеге асырады, онда өндіріске цифрлық технологияларды енгізу тиімділігін көрсететін Индустрия 4.0 технологиялары енгізілетін болады.

Қауіпті учаскелерде жұмыс істейтін персонал қауіпсіздігін көтеру, еңбек өнімділігін арттыру, компаниялардың технологиялық даму деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ағымдағы жағдай бағаланып,

- меншікті технологиялар мен құзіреттіліктерді дамыту;
- цифрлық технологияларды пайдалана отырып, шешімдер енгізу;
- әкімшілік кедергілерді алып тастау;
- нормативтік актілерді өзгерту;
- индустриалды-инновациялық экожүйенің қатысушылары арасындағы келісімділікті қамтамасыз ету;
- цифрландыру саласында басым жобаларға инвестициялық артықшылықтарды және гранттық қаржыландыруды алу, жеңілдікпен кредиттеу, қаражаттандыру сияқты мемлекеттік қолдау шараларын тиімді қолдану;
- цифрлық технологияларды дәріптеу және оларды өндіріс үрдісіне әрі қарай енгізу бойынша сәйкес ынталандыру шараларын жасау бойынша ұсыныстар жасалады.

Клиенттің фармацевтикалық өндіріс саласындағы жетекші рөлін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриалық даму және өнеркәсіп қауіпсіздігі комитетінің мақұлдауын назарға ала отырып, Клиент «модельдік цифрлық фабрикаларын» құру бойынша жобасының қатысушысы болып сайланды.

1. КЕЛІСІМ МӘНІ

1.1. Осы Келісімге сәйкес, ҚИДИ Клиент кәсіпорнында технологиялық аудит жүргізуді (Индустрия 4.0 элементтерін енгізу мүмкіндігі мен дұрыстығын анықтау үшін кәсіпорынның технологиялық жағдайын талдау және бағалау) және Клиентті цифрландыру жоспарын (бұдан әрі – Шара) жасауды қамтамасыз етеді, ал Клиент Клиентті цифрландыру



жоспары көздеген тәртіпте және мерзімдерде Клиентті цифрландыру жоспарын жүзеге асыруға міндеттенеді

Технологиялық аудит жүргізу және Клиентті цифрландыру жоспарын жасау үшін, ҚИДИ құзіретті шетелдік серіктесті - Фраунгофер атындағы Қоғамды (Германия) (бұдан әрі - Серіктес) тартады.

Осы арқылы Клиент технологиялық аудит жүргізу және Клиентті цифрландыру жоспарын жасау үшін Фраунгофер атындағы Қоғамды тарту бойынша өзінің келіспеушіліктері жоқ және болмайтынын білдіреді.

1.3. Клиентті цифрландыру жоспары 2 бөлімнен тұратын болады:

№ 1 Цифрландыру жоспарының жобалары – Клиент кәсіпорнына Индустрия 4.0 элементтерін енгізу үшін ҚИДИ мен Серіктес белгілеген жобалардың әлеуетті тізімі. № 1 бөлімде болатын ақпарат Тараптар келісімі бойынша құпия болып танылады.

№ 2 Цифрландыру жоспарының басысды жобалары – ҚИДИ мен Серіктес таңдап алған, Клиентпен келісілген бірінші кезектегі жоба немесе жобалар тізімі, оларды орындау барысында Клиент өз кәсіпорнында Индустрия 4.0 элементтерін Цифрландыру жоспары көздеген мерзімдерде жүзеге асыруға міндеттенеді.

Клиентті цифрландыру жоспары әр Тарап үшін бір-бірден екі дана жасалады.

ҚИДИ мен Серіктес Клиентті цифрландыру жоспарына қол қойып, Клиент оны ҚИДИ-ден алған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей бекітеді.

Клиентті цифрландыру жоспарын Клиент екі данада бекіткеннен кейін, бір дана ҚИДИ-ге беріледі.

1.4. Жүзеге асыруға қабылданған цифрландыру жоспары:

- Клиент енгізген қолданыстағы цифрландыру шешімдеріне;

- Клиент пайдаланатын ERP жүйелеріне;

- Клиент анықтаған бастамалық даму бағыттарына;

- цифрлық шешімдерді енгізуге арналған қаржылық шығындардың орындылығына қайшы келмеуі қажет.

Клиент анықтаған және ҚИДИ-мен келісілген Цифрландыру жоспарына арналған бастамалық бағыттар осы келісімнің №1 Қосымшасында берілген.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. ҚИДИ міндеттенеді:

2.1.1. Осы Келісімде көзделген Іс-шараларды орындаумен байланысты өзіне алған міндеттердің толық және дұрыс орындалуын қамтамасыз етуге;

2.1.2. Цифрлау жоспарында қарастырылған мерзімде Клиенттің Цифрлау жоспарын жүзеге асыруына бақылау жүргізуге.

2.2. Клиент міндеттенеді:

2.2.1. технологиялық аудит үшін қажетті құжаттаманы және ақпаратты ұсынуға;

2.2.2. өз кәсіпорнында Клиенттің Цифрлау жоспарының 2-бөлімінде көзделген 4.0 Индустрияның элементтерін енгізу жөніндегі жобаны (жобаларды) жүзеге асыруға;

2.2.3. ҚИДИ өкілдерімен және Іс-шараларды жүзеге асыруға қатысатын Серіктеспен жұмыс істеу үшін жауапты қызметкерді анықтауға;

2.2.4. ҚИДИ өкілдерінің және Серіктестің Клиенттің кәсіпорнындағы жұмыс орнында жүрген кезінде (5-тен көп емес) олардың Интернетке кіруін қамтамасыз етуге;

2.2.5. ҚИДИ-ге осы Келісім аясында іссапарларды және Клиентпен кездесулерді ұйымдастыруға көмектесуге;

2.2.6. «модельдік цифрлық фабрикалар» жобасының аясында көрсету алаңына айналуға және цифрлық технологияларды өндіріске енгізудің тиімділігін көрсететін жобаларға қатыстыра отырып, қызығушылық танытқан кәсіпорындардың, ұйымдардың, БАҚ өкілдерінің жылына кем дегенде 6 рет келуін қамтамасыз етуге. Делегацияларды



ҚИДИ құрады. Делегациялар келетін күн мен оған қатысушылардың тізімін Тараптар келіседі;

2.2.7. жылына 6 рет немесе келісім бойынша дөңгелек үстелдерге, жұмыс топтарына, конференцияларға және «модельдік цифрлық фабрикалар» құру жобасын жүзеге асырумен байланысты басқа да іс-шараларға белсенді қатысуға;

2.2.8. Тоқсан сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей ҚИДИ-ге Цифрлау жоспарын жүзеге асыру барысы туралы есеп беруге;

2.2.9. ҚИДИ-ға Цифрлау жоспарын жүзеге асырудың аяқталатын күні туралы хабарлауға.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. ҚИДИ құқылы:

3.1.1. Клиенттен Осы Келісімді жүзеге асыру үшін қажет құжаттама мен ақпаратты сұрауға;

3.1.2. бұқаралық ақпарат құралдарында Клиенттің «модельдік цифрлық фабрикалар» құру жобасына қатысуына қатысты ақпаратты, сондай-ақ құпия ақпаратты қоспағанда, Клиенттің Цифрлау жоспарын жүзеге асыруы туралы ақпаратты жариялауға.

3.2. Клиент құқылы:

3.2.1. білікті кеңестер, ұсыныстар және олар туралы ақпараттар алуға;

3.2.2. сол немесе басқа іс-шараны иә болмаса жобаны жүзеге асырудың орындылығын анықтайды;

3.2.3. ҚИДИ мен Серіктестің Клиенттің кәсіпорнында болу мерзімі туралы хабарламаны 15 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде алуға.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. ҚИДИ орындалған Шаралардың толықтығы, уақыттылығы және шынайылығы үшін жауап береді.

4.2. Клиент:

4.2.1. Клиент кәсіпорнына технологиялық аудит жүргізуге, Клиентті цифрландыру жоспарын жасауға, сондай-ақ Клиентті цифрландыру жоспарын жүзеге асыру мониторингін жүргізу үшін берілген ақпараттың толықтығына, уақтылығы мен шынайылығына (бастапқы деректер, есептер, негіздемелер және т.б.) үшін;


4.2.2. Клиентті цифрландыру жоспарын дұрыс жүзеге асырмағаны үшін жауап береді.

5. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

5.1. Тараптар алған ақпарат, егер беріп жатқан Тарап оны құпия деп белгілесе, ол құпия болып табылады.

5.2. ҚИДИ-дің құпия ақпаратты білуі тиіс және оны құпия қалпында сақтауға міндетті ҚИДИ, Серіктесі мен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің қызметкерлерінен басқа, құпия ақпаратты қандай да болмасын үшінші тұлғаларға ашуға құқығы жоқ.

5.3. Цифрландыруға қатысатын Клиенттің атауы, Клиент құпия деп белгілегеннен басқа, Клиентті цифрландыру жоспарын жүзеге асыру мерзімдері мен барысы құпия ақпаратқа жатпайды.



6. ФОРС-МАЖОР

6.1 Тараптар, егер осы Келісімді бекіткеннен кейін пайда болған, Тараптар алдынала білу және орынды шаралармен алдын алу мүмкін болмаған еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан осы Келісім бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларына, Тараптар ықпал ете алмайтын оқиғалар жатады, олардың пайда болғанына және олардың Келісім бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей әсер еткені үшін олар жауап бере алмайды.

7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

7.1 ҚИДИ мен Клиент Келісім бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындаған барлық келіспеушіліктер мен дауларды тікелей келіссөздер арқылы шешуге бар күшін салу керек.

7.2 Егер келіссөздер нәтижесінде ҚИДИ мен Клиент дауды шеше алмаса, онда кез келген Тарап дауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚИДИ-дің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасы сотының қарауына береді.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Осы Келісім Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттерін толық атқарғанға дейін әрекет етеді.

8.2 Осы Келісімге енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістер, егер олар жазбаша рәсімделіп, оларға барлық Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса, заңды болып саналады, және олар бұдан әрі осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

8.3 Деректемелер (заңды мекенжайлары, байланыс ақпараты) өзгерген жағдайда, Тараптар ол туралы дереу бір-біріне хабар береді.

8.4 Осы Келісім заң күші бірдей, әр Тарап үшін бір-бірден мемлекеттік және орыс тілінде екі дана жасалды.

8.5. Клиенттің осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаға (-ларға) беруге құқығы жоқ.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

ҚИДИ:

«Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ

Мекенжайы: 010000, Астана қ., Достық к-сі, 18-үй, 19 қабат
тел/факс: +7 (7172) 983788 (ішкі.111)
БСН 100640016414

Басқарма Төрағасы

Бекенов Б.Т.

Мөрдін орны

Клиент:

«Химфарм» АҚ

Мекенжайы: 160400, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Әл-Фараби ауданы, Рашидов к-сі, 81-үй
тел/факс: +7 (7252) 56 07 22
БСН 931240000335

Бас директор

Ижи Урбанец

Мөрдін орны



4

Ly JAF- Jol Glet SVD by

«Химфарм» АҚ Цифрландыру жоспарының басты бағыттары

1. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша регламенттік жұмыстарды жобалау және есепке алуды автоматтандыру. Адами және материалдық ресурстарды жобалау. Өндірісті жобалау үдерісіне әсер ету.
2. Өндірісте сапаны қамтамасыз ету үдерісін автоматтандыру және басқару. Тест нәтижелерін жүйеге енгізу. Талдау мен аудит үшін тестілеу нәтижесінің ашықтығы мен қолжетімділігі.
3. Персоналды басқару, рекрутинг, тестілеу, тебелдеу, еңбекке жарамсыздық қағазының, аванстық және іссапар үлгілерінің үзінді көшірмесі.
4. Осы модульдер аясында ағымдағы жағдайды визуалдау: финансты, өтімді, сатып алуды, негізгі құралдар мен материалды ағын модулін.
5. Сапалы және қауіпсіз медициналық өнімді ел аумағында өндіру немесе тұтынушыларға дәріханалар арқылы сату сәтіне дейін елге импорттау кезеңінен бастап немесе денсаулық сақтау ұйымдарына жеткізілуіне дейін оның қозғалысын бақылап отыру механизміне қатысу арқылы ҚР халқын осы өніммен қамтамасыз ету мониторингілеуін және бақылауды автоматтандыру.

ҚИДИ:

«Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ

Мекенжайы: 010000, Астана қ., Достық к-сі, 18-үй, 19 қабат

тел/факс: +7 (7172) 983788 (ішкі.111)

БСН 100640016414

Басқарма Төрағасы

Бекенов Б.Т.

Мөрдін орны

Клиент:

«Химфарм» АҚ

Мекенжайы: 160400, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Өл-Фараби ауданы, Рашидов к-сі, 81-үй

тел/факс: +7 (7252) 56 07 22

БСН 931240000335

Бас директор

Ижи Урбанец

Мөрдін орны



Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.